

**«Мөлдір бұлаю» бобекжай-бақшаesy**

**«Асық-асыл қазына»  
Ұлттық ойын сайысы**

**Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Л.Уксикбаева**

**2025-2026**

«Асық – асыл қазына»

Ұлттық ойын сайысы

Дәйексөз: «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер»

Мақсаты:

Балаларды ұлттық құндылықтарға баулу

Қазақтың ұлттық ойындарын насихаттау

Ата-ана мен бала арасындағы сабақтастықты нығайту

Қатысушылар: «Шұғыла» тобының бүлдіршіндері және ата-аналар

Іс-шара барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

Күй ойналады

Жүргізуші сөзі:

Армысыздар, құрметті ата-аналар мен бүлдіршіндер!

Бүгінгі «Асық – асыл қазына» атты ұлттық ойын сайысына қош келдіңіздер!

Халқымыздың дана сөзі бар:

«Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» —

яғни бала ата-анасынан үлгі алады.

Бүгін біз ата мен бала арасындағы ұлттық дәстүр сабақтастығын асық ойыны арқылы көрсетеміз.

II. Негізгі бөлім

1.«Асықпен танысу»

Асықтың түрлерін көрсету (сақа, тәйке, бүк, шік)

Қысқаша түсіндіру

Балалардан сұрақ-жауап

2.«Кім мерген?»

Мақсаты: Дәлдікке тәрбиелеу

Әке сақамен асық атады

Бала құлаған асықты жинайды

Анасы есеп жүргізеді

3. «Теңге ілу» (эстафеталық түрі)

Белгіленген жерге асықтар қойылады

Бала жүгіріп барып бір асық алады

Ата-ана жалғастырады

Қай отбасы көп жинайды – сол жеңімпаз.

4.«Асық эстафетасы»

Қасыққа асық салып жүгіру

Түсіріп алмай мәреге жету

Сергіту сәті

Қарапайым ұлттық қимылдар немесе шағын би.

III. Қорытынды бөлім

Марапаттау

Номинациялар:

«Ең мерген отбасы»

«Ең ұйымшыл отбасы»

«Ұлттық дәстүрді дәріптеуші отбасы»

Барлық қатысушыларға алғыс хат табысталады.

Қорытынды сөз:


Қазақтың ұлттық ойындары – тәрбиенің қайнар көзі.

Бүгін біз ата дәстүрін жаңғыртып, балаларымызға өнеге көрсеттік.

Есімізде болсын:

Асық – тек ойын емес, ол – ұлттық мұра.

Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы!



қауық

